

ҮКІМЕТ

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕҢЕСТЕР ҚҰРЫЛАДЫ

«Министрлік жанынан театр және мұражай ісі жөніндегі шығармашылық кеңестер құру қажет», – деді кеше Мәжілістегі Үкімет сағатында ҚР Мәдениет және спорт министрі А.Мұхамедиялы.

Оның сөзіне қарағанда, қазіргі таңда елімізде театр және мұражай қызметтерін үйлестіретін бірыңғай орган жоқ. Өйткені, бүгінде барлық театр жергілікті атқарушы органның қарамағында, ал мамандарды даярлау Білім және ғылым министрлігінің еншісінде. Мәдениет және спорт министрлігі болса, театр қызметтерін тек үйлестіруге ғана қауқарлы. Қазіргі таңда Қазақстанда 52 мемлекеттік театр жұмыс істейді. Бұдан бөлек, 43 өңірлік театр және оннан астам әртүрлі бағыттағы театрлар бар.

ПАРЛАМЕНТ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЫҚПАЛДАСТЫҚ НЫҒАЯ БЕРЕДІ

ҚР Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Қабіболла Жақыпов Қытай Халық Республикасы Бүкілқытайлық Халық өкілдері Жиналысының Тұрақты комитеті төрағасының орынбасары Чжан Баовэнь бастаған делегациямен кездесті.

Қазақстандық-қытайлық тараптар өзара іс-қимыл мәселелерін талқыға сала келіп, Қазақстан мен Қытай басшылары арасындағы достық қарым-қатынас қос мемлекеттің стратегиялық ықпалдастығына серпін беріп келе жатқанына тоқталды.

Кездесу барысында парламентаралық ынтымақтастық мәселелері де назардан тыс қалмады. Екі ел парламенттері барлық салада екіжақты байланысты одан әрі нығайтуға барынша үлес қоспақ.

Сондай-ақ, Қабіболла Жақыпов пен Чжан Баовэнь екіжақты тауар айналымын кеңейтуді, атом энергетикасы, ауыл шаруашылығы салаларында, көліктік-транзиттік әлеуетті көтеруде өзара тиімді ықпалдастықты нығайтуды сөз етті.

Әсіресе, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» көлік жолының құрылысы, «Жібек жолы экономикалық белдеуі» идеясын жүзеге асыру, туризмді дамыту, Қазақстанда Қытай мәдени күндерін өткізу сынды ортақ тақырыптар қос тарапты да бейжай қалдырмады.



СЫРДЫҢ СЕΝІМІН АҚТАДЫ

Сенбі күні Қызылорда әуежайында қала тұрғындары Астанада алғаш рет өткізілген “Мерейлі отбасы” Ұлттық байқауына Сыр өңірінен қатысып қайтқан Әлібековтер отбасын салтанатты жағдайда қарсы алды.



Елбасының бастамасымен биылғы жылы алғаш ұйымдастырылған бұл Ұлттық байқауға еліміздің бүкіл аймағынан 1298 отбасы қатысып, олардың арасынан SMS және интернет-дауыс беру арқылы өңірлік турлар қорытындысы бойынша 16 отбасы іріктелгені баршаға аян. Сыр өңірінің намысын қорғаған Әлібековтер отбасы Ұлттық байқаудан жоғары көңіл күймен оралды.

– Қызым Қымбат алдын ала Астанаға барып, «Бәйтерекке» қол қоюды, Елбасымен амандасуды соншалықты қалайтынын жеткізгенді, – деді “Алтын алқа” иегері Лаура Шокашева. – Баламның арманы орындалды. Егіздеріміз, Бекзат пен Қымбат, бізбен бірге болды, үлкен екі ұлым мен үшем үйде қалған болатын. Елбасы олар жайында сұрап жатыр. Мен соған риза болдым. Сонымен бірге біз үшін дауыс берген Сыр бойы халқына шын жүректен алғысымды білдіремін.

Иә, “тойдың болғанынан боладысы қызық” дегендейін, Әлібековтер отбасының осынау республикалық байқауға дайындық жасағандары, оған өздерінің жетістіктері мен қол жеткізген түрлі табыстарын саралағандары кеше ғана секілді еді. Олардың басты мақсаты өздерін республикалық байқауға үкілеп қосқан Сыр өңірі жұртшылығының сенімінен шығу болатын. Байқау сәтті аяқталды. Елбасы жеңіл көлік кілтін қолдарына ұстатты. Мемлекет басшысының осы байқауға қатысқан әрбір отбасы туралы кітап жазып, фильм түсіруге болатыны жайында айтқаны олардың жүрегіне жылылық пен шаттық, қуаныш сезімін құйды.

“ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз” АҚ жобаларды бақылау бөлімінің бастығы болып жұмыс істейтін отағасы Мейрамбек Әлібековтің қызмет бабымен Астанада кідіріп қалғанын, үйде бір жарым жастағы Інжу, Маржан және Бекжанның, ұлдарының күтіп отырғанын алға тартқан Лаура өзінің ыстық ұясы – отбасына асығыс аттанды. Ел сенімінен шығып, көп алдында мерейі асқан отбасына табыс, бақыт тіледік. Өйткені, орнықты отбасы қашанда ел тірегі болып қала бермек.

“Мерейлі отбасы” мерекесі жыл сайын жалғасады.

Жұмағұл ОРАЛБАЕВА.

КӨПТЕН КҮТКЕН КӨПІР ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ АЙНАЛДЫ

Сырдария өзенінің Тереңөзек кентін жанай ағатын тұсынан көпір салу жарты ғасырдан астам өз шешімін таппай, аудан тұрғындарын абыржытумен келе жатқан мәселенің бірі болатын. Осыдан 2 жыл бұрын көпірдің қазығы қағылып, күні кеше ел игілігіне пайдалануға берілді.

Көпір құрылысын пайдалануға беру салтанатына облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қатысып, ел қуанышына ортақтасты.

Кешегі Кеңес Одағының кезінде шешімін таппаған көпірдің, тәуелсіз Қазақстанның тұсында салынуы болашаққа басқан қарышты қадамның керемет бір көрінісі іспеттес. Бұл көпір арқылы 13 ірі елді мекен тұрғындары аудан орталығымен тікелей қосатын жаңа жол өткізіліммен жүрсе, жол қозғалысының қауіпсіздігіне де тоқтам жасалмақ. Оның салынуына Үкімет тарапынан 2 млрд. 511,0 мың теңге қаржы жұмсалған. Аудан тұрғындарының көпір құрылысы жұмыстарын жүргізген арнайы мамандандырылған “Мостострой-тепльнотряд-25” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен бас жобалаушы “Институт Геопроект” жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне айтар алғыстары шексіз.

Көпір құрылысының ашылу салтанатында сөз алған облыс әкімі Қырымбек Көшербаев:

– Қуаттылығы 180 тонна, ұзындығы 220 метрді құрайтын көпір ендігі жерде Сырдария ауданының даулетін арттырып, тыныс-тіршілігін кеңейте түседі. Бұл – Елбасы Н.Назарбаевтың сарабал саясатының нәтижесі, ел үшін жасалып жатқан жасампаз істің жемісі. “Біріккен білек – тау қопарады” дегендей, қиналған халықтың қамы үшін Елбасымыз аталған жобаның бір бөлігін республикалық бюджеттен қаржыландыруға тапсырма берсе, біз де өз тарапымыздан жобаны барынша жандандыруға күш салдық. Бұған дейін 13 елді мекендегі 21000 адам аудан орталығына жету үшін 120-180 шақырымды айналатын еді, енді осы көпір арқылы бар-жоғы 20 шақырым ғана жол жүретін болады. Жаңа көпіріміз жаксы істердің



жалғасы, жаңашыл істеріміздің бастамасы болсын, – деген жүрекжарды лебізін алғашуыз жеткізіп, халқымыздың “Біз қалай іретасын қаласақ, болашақ солай болады” деген ұлағатты сөздің маңызын жиналғандар жүрегіне жеткізді.

Аймақ басшысы Елбасының Сыр өңіріне деген қамқорлығының арқасында Қызылорда қаласындағы Ғ.Мұратбаев көшесі бойымен Сырдария өзені арқылы өтетін өткел

құрылысы басталғанын, сондай-ақ, келесі жылы “Қазалы – Көлалық – Бекарыстан би – Жаңақұрылыс” автожолының бойындағы Әлсейіт елді мекені тұсынан өтетін көпір құрылысын салуды жоспарлап отырғандарын жеткізді. Тереңөзек көпірінің салынуына күш салған сол тұстағы ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, бүгінде еліміздің Бас прокурорының орынбасары, жерлесіміз Жакып Асановқа шексіз алғыс сезімін білдірді.

Көпірдің ашылу салтанатында мемлекет қайраткері, еңбек ардагері Ыдырыс Қалиев сөз алып, сырдариялықтар атынан

еңбек етіп, жаңа нысан жаксы нышан бастауы болғандығына қуана қол соғамын, – деді. Салтанатты шараға жиналған



Елбасымызға, облыс әкіміне, осы құрылысты салуға өз үлестерін қосқан барша жұртшылыққа рахметін айтты.

Келесі сөз кезегін алған Бас прокурордың орынбасары Жакып Асанов:

– Мен көпір құрылысын салуға азғантай да болса өзіндік ықпал еткенімді азаматтық парызымның өтеуі деп есептеймін. Облыс пен аудан әкімдігінің, жерлестерімнің бір адамның баласындай бірлікпен

дарға Ұлы Отан соғысы мен еңбек ардагері Яхия Тасыров ақсақал ақ батасын беріп, облыс әкімі Қ.Көшербаев бастаған ел ағалары көпір лентасын қиды.

Мерекеді “Қоңыр” тобы мен ҚР Тұңғыш Президенттік қорының грантын иеленген “Тұран” тобы, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Күләш Қалымбетовалар, басқа да өнер жұлдыздары көпшілікке ән мен билен шашу шашты.

Еркін ӘБІЛ.

ҚАРЖЫ РЫНОГЫ

Жалпы әлемнің қаржы рыногындағы ахуалдың қаржы рыногына да ықпал жасайтыны айқын. Бұл енді экономиканың кәділгі табиғаттың құбылысы сияқты ауытқымалы сипатын білдіреді. Сонымен Қызылордадағы қаржы рыногындағы жағдайды қалай сипаттауға болады?

НЕСИЕ, ДЕПОЗИТ, ВАЛЮТА НАРЫҒЫ ҚАНДАЙ?

Үстіміздегі жылдың 8 айындағы жағдай бойынша облыста депозит көлемі 2013 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 19,2 пайызға өсіп, 74,1 млрд. теңгені құрады. Осы уақытта заңды тұлғалардың депозиттері 15,8 пайызға, ал жеке тұлғалардың депозиттері 22,5 пайызға өскенін атап өткіміз келеді. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Қызылорда филиалы басшылығының ұсынған деректері бойынша осы уақытта шетел валютасындағы депозиттің көлемі 52,2 пайызға өскен. Осыған қарамастан, теңгедегі депозиттердің үлес салмағы 62 пайызды құрайды. Оның үлесі 2013 жылдың 1 тамызында 70,3 пайызды құраған болатын. Демек, теңгенің девальвациялануына және соңғы әлемдік экономикадағы ауытқуларға байланысты теңгеге қатысты депозит көлемі салыстырмалы кезеңде төмендегені байқалады.

Облыс экономикасын несиелеу көлемі аталған кезеңде 18,5 пайызға артты. Сөйтіп, ол 133,5 млрд. теңгені құрады. Талдау көрсеткендей, ұзақмерзімді несиелер бойынша берешек қалдығы 21,4 пайызға өсіп отыр. Өдеттегідей, азаматтардың тұтыну мақсатына берілген несиелері аталған кезеңде 26,8 пайызға немесе 87,2 млрд. теңгеге өскен. Ол экономикадағы жалпы несие көлемінің 65,3 пайызын құрайды.

Салалар құрылымында несиелердің басым бөлігі құрылысқа, саудаға, өндіріске және көлікке тиесілі болып отыр.

2014 жылдың 7 айында облыс халқына сатылып, сатып алынған АҚШ долларының көлемі 2013 жылдың жеті айымен салыстырғанда артқан.



«СБ» экономика.

АЙМАҚ-АҚПАРАТ

• Қазалы ауданындағы «Ұшқын» мүгедектердің құқығын қорғау және жәрдем беру қоғамдық бірлестігі жанынан ресурстық орталығы құрылған. Жақында орталықта жар-тылай жетімдер, тұлдыр жетім балалар және мүмкіндігі шектеулі жандар 2 айлық компьютерлік курсын толықтай оқып аяқтады.

• Қазақстан халықтарының тілдер мерекесі қарсаңында Қармақшы ауданындағы III Интернационал ауылдық округінде «Тіл – достықтың тірегі» атты өзге ұлт өкілдерінің арасында аудандық фестиваль болып өтті. Фестивальда өзге ұлт өкілдері ән, би, көркем сөз жанрлары бойынша өз өнерін көрсетіп, қазақтың домбырасымен күй күмбірлетті.

• Жалағаш ауданы бойынша әлеуметтік ұн бағасын тұрақтандыру бағытында тиісті іс-шаралар қолға алынған. Оны жеткізуші операторлар болып белгіленген «Ақниет» және «Қараөз» көтерме сауда дүкендерінде әлеуметтік 1 келі ұнның бағасы 57, нан бөлкесі 40 теңгеден сатылуда.

• Сырдария ауданы бюджетінің кіріс бөлігінің жылдық болжамы сегіз айда орындалды. 2014 жылдың сегіз айының қорытындысымен облыстық бюджеттің кіріс бөлігіне жоспарлы болжам 109,1 пайызға орындалды.

• Облыстық медицина орталығының дәрігер-хирургтары Шиелі ауданында 5 балаға ота жасады. Бұған дейін де облыстан дәрігерлер келіп, аудандық хирург дәрігерлеріне тәжірибиелік көмек есебінде аудандық аурухана базасында оталар жасалған.

Ежелгі дәуірлерден бері ұлт, мемлекет мүддесі туралы әлем ойшылдары мен мемлекет, қоғам қайраткерлерінің сұхбаттары адамзат баласының асыл ой-қазыналарының бірі ретінде ұрпақтан ұрпаққа жетіп келеді. Оның сыры сұхбатта айтылған ой-пікірлердің әлемдік өркениетте және адамзат тарихында алар орнының ерекшелігінен болса керек. Тәуелсіздік тарихында Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың халыққа арнаған Жолдаулары мен ғылыми-публицистикалық еңбектері ғана емес, ел болашағы мен ұлт тағдырын сөз еткен мақалалары мен сұхбаттарындағы кемел ойымен зиялы қауым мен жұртшылық арасында ерекше ілтипатқа бөленіп келеді. Осындай ой бөлісулердің арасында Ұлытау сұхбатының орны ерекше болып отыр.

ҰЛЫТАУ ТӨРІНДЕГІ ҰЛАҒАТ



Елбасы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған әрбір мақаласы мен сұхбаты тәуелсіз қазақ мемлекетінің жарқын болашағына бағыт беретін тарихи-саяси мәні жоғары бағдарлама ретінде қабылданып келеді. Қазақтың қасиетті өлкесі Ұлытау төрінен берген ұлағатында да елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен келешегі, ұлтымыздың рухани құндылықтары туралы өрелі ойымен бөлісті.

Тәуелсіздік тарихындағы аса маңызды стратегиялық жобалардың бірі «Жезқазған – Бейнеу» және «Арқалық – Шұбаркөл» теміржол магистральдарының тұсаукесеріне арнайы барған Елбасы «Хабар» телеарнасының журналисімен ой бөлісе отырып, атап айтқанда жобаның еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы маңызының аса зор екендігін айта келіп, Жезқазған кеңішін игерудің алдағы 20-30 жылға арналған бағдарламасына тоқталып өтті. Бұл шын мәнінде еліміздің индустриялық-инновациялық даму стратегиясына жоғары қарқын беретін маңызды жоба.

Елбасы Алтайдан Атырауға дейін кең далаға ие болған казактардың ата дәстүрі мен әдет-ғұрпында, тілінде, ділінде ешқандай айырмашылықтың болмауын біздің баға жетпес рухани байлығымыз ретінде атап өтті. «Отан деген – үлкен ұғым», – деп отаншылдық қасиеттің өз тарихына деген қадір мен құрметтен бастау алатындығына ерекше мән берді.

Мемлекет басшысы сақ дәуірі, үйсін-қанды кезеңі жөнінде де, көк түріктер туралы да өзінің ұлағатты ойларын түйіндей отырып, сол тарихтан қорытынды шығару керектігі жөнінде айтты. Сондықтан бүгінгі талап – жастарға ата-баба еңбегінің жемісі ретіндегі қазіргі тәуелсіздік жағдайындағы халқымыздың тиянақты, баянды тіршілігімізден қорытынды шығарып, тарихта қазақ елі Мәңгілік Ел етіп ұрпақ санасына орнықтыруды қадап айтты.

Сұхбаттағы ойлардың бірі – дін мәселесі. М.Әуезов: «Абайдың діні – сыншыл ақылдың діні», – деп ұлы ойшылдың дінге деген көзқарасына әділ әрі ғылыми тұрғыдан баға берген болатын. Біздің дін ұстануымызға және оның қоғамдағы рөліне, жастарды ізгілік пен имандылыққа тәрбиелеудегі маңызына байланысты Елбасы да өзінің сыни көзқарасын білдірді. Ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрпын, дін мен діннің көркем энциклопедиясына айналған М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Құнанбайдың қажылыққа барған сапарын еске сала отырып, Елбасы дін ұстанудың ар мен жан тазалығы арқылы келетіндігін философиялық тұрғыдан түсіндіріп, ерекше тебіреніспен ой бөлісті.

Тіл – тірі организм. Оның қоғаммен, заманмен бірге жанырып, жасырып отыруы заңды құбылыс. Осы ретте халықаралық терминдерді мемлекеттік тілге аудару мәселесіне байланысты айтылған Президент пікірінің мәні жоғары. Елбасымыздың қалыптасқан терминдердің орнына өзге тілдерден сөздер алу арқылы ана тілімізді шұбарлау өз

тілімізге немқұрайлы қарау екенін жанашырлықпен ескертті. Жаһандану кезеңінде әлемдік өркениетке тілдердің интеграциялануында қазақ тілін ғылым мен техниканың тіліне айналдырудың маңыздылығына тоқталды. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасында тіл мәселесінің конституциялық мәртебегі не болғанын және қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде жалғыз тіл болып бекітілгенін айта отырып, бәсекеге қабілетті ұлт болу үшін бірнеше тілді меңгерудің қажетті екенін, шекара кедергісі деген ұғым мүлде жоқ, тек әр мемлекет өзінің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін конституциялық нормалары бар.

Бүгінгі таңда әлемде бірқатар халықаралық экономикалық бірлестіктер бар. Бұл бірлестіктерде мемлекетаралық экономикалық ынтымақтастық қалыптасқан және халық пен мемлекет өмірінің барлық салалары толығымен интеграцияланған. Бүгінде Еуропада тұратын халықтар үшін кеден, шекара кедергісі деген ұғым мүлде жоқ, тек әр мемлекет өзінің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін конституциялық нормалары бар. Кез келген тәуелсіз мемлекет геосаяси кеңістікте өзінің орнын ала отырып, көрші мемлекеттермен әріптестік, достық қарым-қатынас жасайды. Жеке даму экономикалық жағынан қай мемлекетке де тиімсіз болатыны белгілі. Сондықтан Қазақстанның болашақта ең алдымен қатарлы дамыған мемлекеттер қатарында болатынын ескере отырып, посткеңестік елдер басшылары арасында Еуразиялық экономикалық одақ құрудың аса қажеттілігін кеменгерлікпен көре білген Елбасымыздың бастамасымен құрылған аталмыш одақ 2015 жылдың басынан жұмысына кірісетін болады. Елдің болашағы үшін құрылған бұл одақтың тиімділігі туралы Н.Назарбаев Ұлытауда берген сұхбатында саралап айтып берді.

«Егер Қазақстанның тәуелсіздігін өз қолымен жасап, қызғыштай қорғап келе жатқан қазақ болса – соның бірі менмін... Менің арманым, ойым – Қазақстанның Мәңгілік Ел болуы». Бұл – Елбасымыздың елін еңселі ордаға айналдырсам деген перзенттік арманы. Осы арманды жүзеге асыру жолында аянбай еңбек ету – әрбір қазақстандықтың азаматтық борышы.

Қылышбай БИСЕНОВ,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда мемлекеттік университетінің ректоры,
профессор.

ЭЛЕКТРОНДЫ ҮКІМЕТ

КЕЗЕК РЕТТІЛІГІ ЭЛЕКТРОНДЫ ҮКІМЕТ АРҚЫЛЫ ШЕШІЛЕДІ

«Қалалық тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті орган жалаған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу және кезекке қою» қызметін көрсетеді. Мемлекеттік қызметтер тегін көрсетіледі.

2010 жылдың сәуір айынан бастап бүгінгі күнге дейін тұрғын үй алу

кезегіне тіркелу үшін азаматтардан қоржынға «Халыққа қызмет көрсету орталығы» арқылы қабылдануда.

Азаматтардың кезек реттілігін көрсете отырып жазбаша хабарлама беру немесе есепке қоюдан бастарту туралы шешім ХҚКО арқылы өтініш берушіге 30 күнтізбелік күннен кешіктірілмей, жазбаша түрде беріліп отыр. «Халыққа қызмет көрсету орталығының ақпараттық жүйесі»

арқылы «Электрондық үкіметтің өңірлік шлюз» бойынша немесе өтініш беруші де электрондық-цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) болған жағдайда Электрондық Үкіметтің: «www.egov.kz» веб-порталы арқылы электрондық қызмет көрсетіледі.

Гүлзат ПІРЖАНОВА,
қалалық тұрғын үй инспекциясы бөлімінің маманы.

САПАР

ТІРЕК АУЫЛДЫҢ ТІРЛІГІ ТҮЗУ

Бүгінде Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сарабдал саясатының нәтижесінде еліміз еңсе тіктеп, жасампаз істің жемісін татуда. Әсіресе, ауылдардың дәулетін арттырып, тыныс-тіршілігін кеңейтуге баса назар аударылғаны көпті қуанышқа бөлеп отыр. Сенбі күні Сырдария ауданына барған облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың жұмыс сапары Ақжарма ауылынан бастау алды.

Облыс әкімдігінің қаулысына сәйкес Сырдария ауданы бойынша Ақжарма ауылы тіректі елді мекендер тізбесіне енген. Ақжармалықтар егін және мал шаруашылығымен айналысады. Ауылдың басты асыраушылары – «Ақжарма және К», «Ақжарма 1», «Ақжарма 2» шаруа қожалықтары. «Ақжарма және К» шаруа қожалығы егін егеді, сондай-ақ, «Сыбаға» бағдарламасы негізінде 130 бас ет бағытындағы асыл тұқымды ірі қара сатып алып, мал шаруашылығын өркендетуге батыл бетбұрыс жасауда. Шаруа қожалығы ауылдың 150 адамын тұрақты жұмыспен қамтамасыз етіп отыр. Ал, «Ақжарма 1» мен «Ақжарма 2» шаруа қожалықтары 2100 гектар жерге күріш егіп, 245 бас мүйізді ірі қара малын бағып, 196 адамды тұрақты жұмыспен қамтамасыз еткен.

Жоғарыдағы шаруа қожалықтары 2014-2019 жылдар аралығында 7 инвестициялық жобаны жүзеге асыруды жоспарлаған. Осы жылдары күріш ақтау зауыты, сүт өндіру зауыты, құрама жем зауыты, мал бордақылау алаңы, мал сою пункті, кірпіш өндіру зауыты, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» көлік дәлізінің ауыл тұсынан өтетін жерінен «Ақжарма 1» шаруа қожалығының «В» категориясы бойынша сервистік кешен салу жобалары іске асырылмақ. Жалпы 7 жобаның құны 365,0 млн. теңгені құрап, 124 адам тұрақты жұмыспен қамтамасыз етілмек. Сондай-ақ, мемлекеттік бюджет есебінен 1153,9 млн. теңге көлемінде қаржыландырылып, 2014-2018 жылдары 25 жоба іске қосылып, ауылда жұмыссыздық болмайды деген болжам бар.

Ақжарма ауылының әлеуметтік жағдайы да жыл санап жақсарып келеді. Елді мекен таза ауыз сумен, аяқ сумен, автокөлік жолдарымен, жарықпен толықтай қамтамасыз етілген. Ауыл тұрғындарына 640 орындық №130 орта мектеп, мәдениет үйі, балабақша, дәрігерлік бекет, кітапхана мен байланыс бөлімшесі қалтқысыз қызмет етуде.

Облыс әкімі Қ.Көшербаев ауылдың

күрделі жөндеуден өткізілген мәдениет үйі мен мектебінде болып, ғимарат жайларымен етене танысып, сала қызметкерлерімен пікір алысты. Соңынан ауыл ардагерлері және зиялы қауым өкілдерімен ашық әңгімелесті.

– Сыр елінде, – деді облыс әкімі, – 263 елді мекен бар. Соның 47-сін тіректі елді мекенге енгізіп отырмаз. Олардың бірі – осы Ақжарма ауылы. Ауылдарыңыз ажарланып келеді. Өйткені, біз әлеуметтік салаға басым бағыт берудеміз. Бір ғана дерек. Н.Лиясов ауылындағы салынар стадион құрылысы қаржысының 50 пайызын «Абзал және К» толық шаруа қожалығы мойнына алып отырса, 50 пайызы облыстық бюджеттен берілмек. Сіздерде осындай бастамалар болса, қол ұшын беруге әзірміз.

Аймақ басшысы ауыл тұрғындарына соңғы жылдары облыста атқарылып жатқан ауқымды істерді айта келіп, басты байлық бірлікте, еңбекте екенін жеткізді.

Облыс әкімі Қ.Көшербаев іссапар аясында Тереңөзек кенті орталығындағы аграрлық-техникалық колледжінің жатақханасын қайта жаңғырту жұмыстарымен танысты. Жатақхана ғимаратын «ТехСервис-Қызылорда» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі күрделі жөндеуден өткізуде. Жалпы сметалық құны 213,2 млн. теңге тұратын жөндеу жұмыстары қазан айында аяқталып, пайдалануға берілмек.

– Колледжде, – дейді аудан әкімі Ғанибек Қазантаев, – 235 бала оқиды, осының 50-і шалғай елді мекендерден келгендіктен жатақхана қажет етеді. Біз оларды жатақханамен толықтай қамтамасыз етеміз. Сондай-ақ, отыз жас отбасына пәтер берілмек.



Облыс әкімі ғимаратты күрделі жөндеуден өткізушілерге құрылыс жұмыстарын күн суытпай тұрғанда аяқтауды тапсырды.

Мұнан соң облыс әкімі жаңа ғимаратқа көшірілген аудан әкімдігіне қарасты бөлім салаларының жұмыс орындарымен танысып, бөлім басшыларымен мәжіліс өткізді.

– Мемлекеттік қызметкер ел-халықтың талап-тілектерін орындауға міндетті. Еңбек тәртібін қатаң сақтауларыңыз қажет. Азаматтарды кішіпейілділікпен қабылдап, олардың өтініш-тілектерін мүмкіндігінше орындауға тиістісіздер. Орта және шағын кәсіпкерлікті дамытуды басты назарға алу керек. Осы саланы кеңейту бағытында микрокредит алуға көш басында келеміз. Демек, осы мүмкіндікті кәсіпкерлердің пайдалануына ықпал жасау аса қажет, – деген облыс әкімі Қ.Көшербаев бөлім басшыларын жариялылық жағдайда жұмыс істеуге шақырды.

Еркін ӘБІЛ,
Сырдария ауданы.

ЕЛ ДАМУЫНДА МӘСЛИХАТТЫҢ ҮЛЕСІ ЗОР

Үстіміздегі жылдың 17 қыркүйегінде «Қазақстан мәслихаттар депутаттарының бірлестігі» республикалық қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен Алматы қаласында Қазақстан мәслихаттарының 20 жылдығына байланысты «Мәслихаттардың қоғамды әлеуметтік-экономикалық дамыту мен демократияландырудағы, ішкі саясаттың тұрақтылығын нығайтудағы рөлі мен орны» тақырыбында республикалық ғылыми-практикалық конференция болып өтті.

Конференция жұмысына ҚР Парламенті Сенатының депутаты М.Шалахметов, Алматы қаласы әкімінің орынбасары З.Аманжолова, өңірлердегі барлық деңгейдегі мәслихат хатшылары мен аппарат басшылары, қоғам қайраткерлері және үкіметтік емес ұйымдарының өкілдері қатысты. Ғылыми-тәжірибелік конференция Елбасының «Қазақстан жолы»

мәслихаттардың рөлі артып келе жатқандығын, бұл, ең алдымен, тиімді де нәтижелі жұмыстарға жетелеп отырғандығын атап өтті. Осы ретте, қабылдауға қатысқан бір топ делегаттар атқарушы билік пен мәслихаттардың қолданыстағы заңдылықтар аясында ел үшін аянбай еңбек етуге мүмкіншіліктердің бар екенін жеткізді және қала әкімін мерекелік медалімен марапаттады.

1994 жылғы 7 наурызда тұңғыш рет өкілді орган – мәслихат депутаттары жиналысының сайлауы өткізілді. Міне, содан бері Тәуелсіздік туы астында атқарушы билік пен өкілді орган – мәслихаттар елімізде ұлан-ғайыр жұмыстар атқарып келуде.

Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев даму мен өсудің және жоспарлау саясаты туралы «мықты мемлекет күнкөріс саясатымен емес, жоспарлау саясатымен,



2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауларының және «Интеллектуалды ұлт-2020» ұлттық жобасының негізгі бағыттарын жан-жақты іске асыру аясында өтті.

Бұл тарихи мәні бар оқиға – Қазақстан мәслихаттарының 20 жылдығына орай өткізілген республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция Сыр елінің делегациясын бастап барған облыстық мәслихаттың аппарат басшысы М.Қосмамбет, облыстық мәслихат депутаттары Қ.Әжібеков, А.Оңғарбаев, Т.Шауатай және мәслихат хатшылары К.Данабай, Т.Берікұлаков, М.Найтұлы, И.Құттықожаевтар қатысып қайтты.

Конференцияда «Қазақстан мәслихаттар депутаттары бірлестігінің» РҚБ төрағасы Төлеубек Мұқашев баяндама жасады. Баяндамашы мәслихаттардың атқарып отырған жұмыстары мен міндеттеріне кеңінен тоқталды. Сонымен қатар, басқосу барысында конференция делегаттары өз ойларын ортаға салып, ұсыныс-пікірлерін білдірді.

Алқалы жиынынан соң осындай елеулі күнде мәслихат хатшыларын Алматы қаласының әкімі Ахметжан Есімов арнайы қабылдап, мерекелерімен құттықтады. Және мемлекеттің екі билік тармақтарының мұндай келісімді кездесулері қазіргі таңда өзекті екендігін айта келе, Елбасының көңіл бөлуінің арқасында жергілікті

ұзақмерзімді дамумен және экономикалық өсумен айналысады» деп атап көрсеткен болатын.

Осы ретте Сыр елінде сенімді экономикалық өркендеудің, халықтың әл-ауқатын арттырудың берік базасы «2020 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық даму Стратегиясы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2013 жылғы 18 желтоқсандағы кезекті 22 сессиясында (№163 шешім) қабылданып тиісінше облыс әкімінің сәйкесті іс-қимыл жоспары бекітіліп, онда атқарылар нақты шаралары өз көрінісін тапты.

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев: «Стратегияны жүзеге асырудың толық қалыптасқан негізі бар. Облысымызда тұрақтылық пен салауатты моральдық-саяси ахуал сақталуда. Бұл дегеніміз – алда тұрған қиыншылықтарды жеңуге жағдай жасайтын құдіретті күш» деп бағалаған болатын.

Ежелден елдік тарихы бар, ұлттық салт-дәстүрі қалыптасқан Сыр елінің осынау игілікті нәтижелерге жетуіне мәслихаттың қосар үлесі зор. Жиырма тоғыз округтан сайланған халық қалаулыларының барлығы білімді, білікті азаматтар, олар адал да қажырлы еңбегіне сүйеніп, жасампаздық істердің басы-қасынан табылып, биік белестерден көрінуде.

Облыстық мәслихаттың
ақпараттық тобы.

Дәуржан ЕЛУБАЕВ.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасына сәйкес елімізде 1 қыркүйектен бастап мүлкікті жария ету акциясы басталды. Қазірде республиканың бүкіл аумағында мүлкікті жария етуге байланысты науқанның басталып, жергілікті атқарушы органдар жанынан құрылған комиссиялар осы шараға кірісіп кеткені белгілі. Осыған байланысты Қызылорда облыстық әділет департаментінің басшысы Балайым Кесебаеваға жұртшылықты қызықтырған мәселелерге байланысты сауалдар қойған едік.

— Балайым Тұғанбайқызы, мүлкікті жария ету акциясының көздеген мақсаты туралы айтып өтсеңіз...

— Жалпы, мүлкікті жариялау дегеннің өзі әлемдік тәжірибеде жаңалық емес. Ол тәжірибеде бұрыннан бар. Осы кезге дейін Еуропаның бірқатар елдері, мұндай акцияны бірнеше рет өткізіп те үлгерді. Мүлкікті жария ету де Қазақстанның да өз тәжірибесі бар. Бізде ол бұл кезге дейін екі рет жасалған. Айталық, 2001 жылы ақпаны жария ету жүргізілсе, 2006-2007 жылдары ақпанмен бірге жылжымайтын мүлкіктерді жария ету жұмыстары жүргізілген болатын. Осылайша, еліміз жария ету науқанының үшінші кезеңін өткізуді қолға алып отыр.

Мүлкікті жария ету дегеніміз — табыстарды жасыру мақсатында заңды экономикалық айналымнан шығарылған және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделмеген не тиесілі емес тұлғаға ресімделген мүлкікке құқықтарды мемлекеттің тану рәсімі. Сарапшылардың пікіріне сүйенсек, қазақстандық экономиканың 19,5-20 пайызы көлемдегі айналымда жүр. Бұл шағын бизнестен бастап, ірі кәсіпкерлерге дейінгі аралықтың бәрін қамтиды. Сондықтан

да, қаржы мен мүлкікті жария етудің бірден-бір мақсаты — «көлеңкелі» экономикадағы қаражатты жарыққа шығарып, экономиканың заңды жолына тарту.

— Ал енді жария етуге жататын дүниелерге не кіреді, сонымен қатар істі неден бастаған дұрыс, соған тоқталып кетсеңіз...

— 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілген «Мүлкікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес — ақша; бағалы қағаздар; заңды тұлғаның жар-



РАҚЫМШЫЛЫҚ — АЗАМАТТАР ИГІЛІГІНЕ

ғылық капиталына қатысу үлесі; тиесілі емес тұлғаға ресімделген құрылыстар мен ғимараттар; Қазақстан Республикасының шегінен тыс орналасқан жылжымайтын мүлкік жария етуге жатады.

Жария етудің негізгі принциптері төмендегідей: Біріншіден, қосымша қаражат пен мүлкікті экономикаға тарту мақсатында жүргізіледі. Екіншіден, жария етілген ақша мен мүлкік салық салу тұрғысында табыс деп танылмайды. Яғни оларға салық салынбайды. Үшіншіден, жария ету басталғанға дейін алынған мүлкік қана жария етуге жатады. Төртіншіден, субъектілер бірқатар баптар бойынша қылмыстық және әкімшілік жауапкершіліктен босатылады. Яғни, жария етілген мүлкік субъектілері заңмен қудаланбайды.

Бұдан бөлек, азаматтар рақымшылық арқылы заңдастырған қаражаттың инвестициялау механизмдеріне пайдалана алады. Немесе өз қаражаттың қалауынша жұмсамақ. Алайда бұл жағдайда, екінші деңгейлі банктер жария етілген қаражаттың жалпы сомасынан 10 пайыз мөлшерінде комиссия ұстап қалады.

Ақшадан басқа мүлкікті жария ету үшін жергілікті атқарушы органның жанындағы комиссияға:

- 1) Бекітілген нысанда екі данадағы өтініш;
- 2) Өтінішті берген кезде тұнұсқаны көрсету арқылы,

жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) Заңда көзделген жағдайлардағы, өзге де құжаттар өткізіледі.

Жария ету субъектілері өтінішті тұрғылықты тұратын жері бойынша комиссияға береді.

— Азаматтардың көкейінде жүрген жәй қойылатын сауалдардың бірі — жылжымайтын мүлкікке техникалық құжатты қалай аламыз? Ол қанша уақытта жасалады?

— Жария ету аясында, егер азаматта жер учаскесіне мемлекеттік акті болса, құрылысқа техникалық төлқұжат алу үшін жылжымайтын мүлкік нысанының орналасуы мекен-жайы бойынша тиісті құжаттар тізбесімен Халыққа қызмет көрсету орталығына жүгінуі қажет (өтініш, жеке басын куәландыратын құжат; жер учаскесіне сәйкестендіру құжатын қоса бере отырып, тіркеу объектісін растайтын құқық белгілеуші құжаттар; алым сомасын төлегенін растайтын құжат).

Техникалық төлқұжатты әзірлеу мерзімі жылжымайтын мүлкік нысанының түріне байланысты жасалынады. Атап айтсақ, пәтерлерге, жатаханалардағы бөлмелерге техникалық паспорт үшінші жұмыс күні, жеке тұрғын үйлерге, жеке гараждарға, саяжай құрылыстарына техникалық паспорт жетінші жұмыс күні беріледі және оның баға-

— Ал, тіркеу мәселесі ше?

— Сонымен қатар, жария етілген жылжымайтын мүлкік Өңірет органдарында міндетті мемлекеттік тіркеуден өтуі қажет. Кей жағдайларда азаматтар Комиссияның оң қорытындысын алу — құжатты толығымен ресімделген деп санап, оны мемлекеттік тіркеуден өткізуді қажет деп есептемейді немесе мұндай рәсімдеудің қажеттілігін білмейді не ұмыт қалдырады. Нәтижесінде, құжат толығымен ресімделмеген болып саналады. Яғни, азамат мүлкіктің толыққанды заңды иесі болып табылмайды. Осыған орай, әр азамат жылжымайтын мүлкігін Өңірет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткізгеннен соң ғана оның заңды иесі болып табылатынын естен шығармағаны жөн.

Мүлкікті жария ету мерзімі 2014 жылғы 1 қыркүйек пен 2015 жылғы 31 желтоқсан аралығын қамтиды. Осыған орай, облыс тұрғындары уақыт жоғалтпай Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделмеген немесе өзге тұлғаға ресімделген мүлкіктері болған жағдайда мемлекеттің жасап отырған осы рақымшылығын пайдаланып, құжаттарды заңдылықтарға сәйкес реттеуге асығулары қажет.

— Әңгімеңізге рахмет.

Тұрғытасқан
Ыдырыс ТҮХҒАҰЛОВ.

● ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ТІЛДЕРІ МЕРЕКЕСІ

АНА ТІЛІҢ — АРЫҢ

Облыстық тілдерді дамыту басқармасының ұйымдастыруымен алдағы Қазақстан халқы тілдері күні мерекесіне орай облыс көлемінде түрлі іс-шаралар, семинар мен акциялар болып өтті. Оларды өткізудегі басты мақсат — көпшіліктің мемлекеттік тілге деген құрметін арттыру, тұрғындарды тіл тазалығына шақыру.

Айтулы мерекеге орай облыстық тілдерді дамыту басқармасы басшысы Әлімжан Жарылқағанов бірқатар аудандардағы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімдерінің тіл мамандарын, оқу орындары, тілдерді оқытудың өңірлік орталығының оқытушылары мен өзге саладағы мемлекеттік тіл жанаһырларын қабылдап, олардың атқарып жатқан істеріне ризалық білдірді. Мемлекеттік тіл саясатын насихаттауда белсенділік танытқан тіл жанаһырларын басқарманың Алғыс хатымен марапаттады.

“Ономастика мәселелері” деген атпен өткен облыстық семинарда ономастика және көрнекі ақпаратты бақылау бөлімінің басшысы А.Әбжанова елімізде өткен жылы қабылданған “ҚР-ның кейбір заңнамалық актілеріне ономастика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы” Заңынан туындайтын бірқатар мәселелерге талдау жасады.

Семинарда жергілікті ғалымдар мен тіл жанаһырлары, қалалық, аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімдері басшылары мен тіл мамандары мемлекеттік тілді, ұлттық ономастика жүйесін дамыту, оны қабылданған тәртіпке сәйкес жүргізу жайында ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

Тіл мерекесіне орай “Нұр Отан” партиясының қоғамдық бірлестігі қалалық филиалының “Жас Отан” жастар қанаты жанынан құрылған “Таза тіл” жастар тобының мүшелері облыс орталығындағы тасымал көліктері мен жеке кәсіпкерлік нысандарда мемлекеттік тілге деген құрметті арттыру, тіл тазалығын сақтау мақсатында осы тақырыпта акция өткізді.

Отбасы — адам баласының алтын діңгегі. Жеті атаға дейінгі туысқаның «жақыным» деп құрметтеп, алыс туысын да «қаным» деп бауырына тартқан қазақ үшін отбасы ұлы құндылықтардың бірі саналған. Бүгінгі осы құндылықтарды жаңғырту, ыстық ұяның қадір-қасиетін жете бағалау — басты мәселенің бірі. Осы орайда, Қазақ елі өткен жылдан бері «Отбасы күні» мерекесін дәстүрлі тәртіп тойлап келеді.

танытып, ата жолын жалғап келе жатқан тәртіп сақшыларының бірі — Әліевтер отбасы. Осы отбасының дені тәртіп сақшысы қызметін кенес милициясынан бастап, Қазақстан полициясында жалғастырып келеді. Қалалық ІІБ-нің аға анықтаушысы, полиция майоры Марина Әліеваның әкесінің ізін басып, ішкі істер органдарында қызмет атқарып келе жатқанына он

ҚОҒАМ ТЫНЫШТЫҒЫН КҮЗЕТКЕН ӘУЛЕТ

жылдан асты. Өзінің қызметтік идеясы санаған әкесі — Ескендір Әліев те отставкадағы офицер, осы салада отыз жылдан астам уақыт мамандығы да өз отбасында қалыптасуды. Алып бәйтеректей әке мен отбасының ұйымтасына айналған анаға қарап, өзінің өмірлік жолын айқындап, ата дәстүрін жалғап, дәстүрті ісін жаңғыртып келе жатқан ізбасарлары көптеп кезіктіруге болады. Ал оған мысалды алыстан іздемей-ақ, облыстық ішкі істер органдарында отбасымен қызмет етіп жүрген, полициядегі ортақ мамандыққа айналдырған жан-дарды айла алмаз. Осындай отбасылардың қатарына бір шаңырақтың өрелі ісін жалғап, ішкі істер органдарында бүгінде үшінші буыны абыройлы қызмет атқарып келе жатқан Мұхтаровтар әулетін айла алмаз. Отбасындағы аяулы әке Абдулла Мұхтаров, өзі өмір бойы еңбек еткен құқық қорғау саласын бағалай білген және ба-ла-ларын да өз жолын таңдауға үйреткен. Ол сонау алысының жылдардың ағында ішкі істер са-ласындағы қызметін лейтенант шенімен бастап, адал еңбегінің арқасында облыстық дәрежедегі басшылық қызметтерге дейін көте-рілді. Өмірінің отыз жылын құқық қорғау қызметіне арнап, 1989 жылы подполковник шенінде құрметті еңбек демалысына шықты. Ал оның төрт бірдей ұлы тәртіп сақшының қызметін өмірлік жолы ретінде таңдап, қазіргі таңда құқық қорғау саласында нәтижелі еңбек етеді. Полицейлер династиясының үшінші буыны — немерелері де ата дәстүрін жалғап, әке жолын қуып, осы салада адал қызмет етіп келеді. Айта кету керек, Мұхтаровтар әу-леті — Халықаралық отбасы күні мерекесіне орай, қалалық ішкі саясат бөлімі ұйымдастырған «Ме-рейлі отбасы» ұлттық сайысының қорытындысы бойынша ІІІ дәре-же-лі диплом иегері атанды.

Ата-ана аманатына адалдық

бөлімінің инспекторы қызметін атқарады. Погонды отбасының үшінші буыны, яғни Кенесбек Аңафиннің немерелері де құқық қорғау органдарында жұмыс істеуді өмірлік таңдауға, бағыт-бағдар, түсінік беруге дайын екендігін көрсетіп келеді. Ең бастысы, барлығының ұстанатын ортақ қағидалы — әскери қызметке адал-дық, қиын да жауапты істі абы-роймен атқару.

Облыстық ІІД-де қызмет атқа-

ЗИЯТКЕРЛІК МЕН ШІК ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында Парламентке 4 жаңа кодексті: Қылмыстық-іс жүргізу, Қылмыстық, Қылмыстық-орындаушылық және Әкімшілік құқық-бұзушылық туралы кодексті әзірлеп, енгізу керек, — деген болатын.

2014 жылғы 5 шілдедегі ҚР ӨҚБт кодексі 694-бабының Өңірет органдары туралы бөлімінде осы кодекстің 230 (екінші бөлігінде) (бұл бұзушылықтарды жекеше нотариустар жасаған кезде), 457, 459, 460, 466, 468, 491-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайтын көрсетілген.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға зияткерлік меншік құқықтары, нормативтік құқықтық актілерді, жылжымайтын мүлкікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу са-

ласындағы үкілетті органның басшысы мен оның орынбасарлары, облыстық, Астана және Алматы қалалары әділет органдарының басшысы мен олардың орынбасарлары құқы-лы, — делінген.

Жаңа кодексте зияткерлік меншік құқығы саласы бойынша, 2001 жылғы 30 қаңтардағы ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 128, 129-баптары алынып тасталынған. Ал, 145-бап ҚР ӨҚБт-тің 2014 жылғы 5 шілдедегі басылымында 158-бап, «Бөтен тауар белгісін, қызмет көрсету белгісін, тауар шығарылған жердің атауын немесе фирмалық атауды заңсыз пайдалану» деген баппен ауыстырылған. Өңірет органдары кодекстің 158-бабы бойынша ғана әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс-материалдарын қозғау қарастырылған.

Зияткерлік меншік саласы бойынша 2014 жылғы 3 шілдедегі ҚР Қылмыстық кодексінің 198-бап, «Авторлық және сабақтас құқықтарды бұзу», 199-бап, «Өнертабыс-

тарға, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, селекциялық жетістіктерге, интегралдық микросхемалар топологияларына құқықтарды бұзу», 222-бап, «Тауар белгісін заңсыз пайдалану» баптары болып қалып-тастырылған.

Қазіргі таңда, облыстық әділет органдары зияткерлік меншік саласы бойынша кей-бір әкімшілік құқық бұзушылықтар құрамдарының қылмыстық теріс қылықтары саты-сына аударылуына байланысты құқық қорғау органдарымен жыл аяғына дейін құқықтық түсіндіру жұмыстары, яғни семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізу, жергілікті газет-терге мақалалар жариялау жұмыстарын жүргізуде.

Аталған кодекс 2015 жылдың 1 қаңта-рынан бастап күшіне енеді.

Парасат ӘШПРБЕК,
облыстық әділет департаментінің инспекторы

Облыс прокурорының орынбасары Руслан Райханов-тың төрағалығымен өткен үйлестіру кенесінің кезекті отырысында үкілетті орган-дардың үстемділет жылы қо-ғамда тәртіпсіздік пен құқық бұзушылыққа «мүлдет төбесу-шілік» қағидасын және жол қозғалысы қауіпсіздігін қамта-масы ету бағытында атқарылған жұмыстарға жүргізілген тексеру қорытындысы қаралды.

ЕРЕЖЕ БҰЗАТЫН ЕРКЕЛЕР

құқық қорғаушылар қатарында көбейіп отыр

Облыстық прокуратураның әлеуметтік-экономикалық сала-дағы заңдылықты қадағалау басқармасының бөлім бастығы Нұрболат Дүйсенбаевтың баңдауына, бұған дейін 2011-2013 жылдарға арналған құқық бұзушылықтардың алдын алу өңірлік бағдарламасын іске асырудың сапасы мен толық-тығы тексерілген. Атап айт-қанда, облыстық ішкі істер департаменті тарапынан іскі «Интеллектуалды қиылыс» авто-матиландырылған ақпараттық іс-дестіру жүйелері саты алынған. 2013 жылдың 23 желтоқсанында пайдалануға қабылданған. Бір-қар оның тиісті сертификатты бірақ оның тиісті сертификат болмаған. Сәйкестігі растаудан өткендіктен сол уақыттан би-лыгы 18 кантарға дейін жол-көлік оқиғаларын туындатып, құқық бұзушылық жасаған тұл-ғалар жауапқа тартылмай қал-ған. Прокурорлық ақпарат ету актісі негізінде аталған жүйе-ге биылғы 18 кантарда тиісті сертификат алынған, кінәлі тұлғалар тәртіпті жауаптылық-қа тартылды.

Өңіріміздің ортақ пайдалану орындарын ластау, қоғамдық орындарда алкогольді ішм-діктер ішіп, тыныштықты бұзу, жол қозғалысы ережелерін сәк-

тамау бұзғырғыдан өскен. Құ-қық бұзушылықтар бірінші кезекте мүлдеді үкілетті жә-не жергілікті атқарушы орган-дардың халық арасында алдын алу және құқықтық насихат жұмыстарын жүргізбеден ту-ындыла, үкілетті органдар құ-қық бұзушылыққа жол берген тұлғаларға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық істерді сотқа жолдау барысында әрекетсіздік танытып, кінәлілердің жауапты-лығына қатырған.

Ішкі істер органдарының бас-тамасымен жергілікті атқарушы және үкілетті органдар мен кә-сіпкерлер палатасы облыстық филиалы өкілдерінің қатысуы-мен кәсіпкерлерге құқықтық насихат немесе түсіндірме жұ-мыстарын жүргізу мақсатында кандай да бір іс-шара, яғни кез-десу, семинар немесе акция өт-кізілмеген.

Қазіргі таңда тұрғындардың үй жануарларын күтіп-ұстау талаптарын сақтамау деректері жиі орын алуда десек, көметке толмағандардың қылмыс пен қозғалыс бұзушылық оқиғалары алаңдаушылық туғызуда. Оған дәлел, 287 жасөспірім мен 308 қолбайыр отбасы ішкі істер ор-гандарына есепке алына, он үш жасөспірім девиантты мінез-құлқыты мектеп-интернатына жолданыпты. Бұлардың басым бөлігі Қызылорда қаласындағы мектептер мен колледж оқушы-лары.

Енді жол қозғалысы мәсе-лесіне келер болсақ, көлік құ-ралдары негізінен облыс орта-лығына шоғырланғандықтан

елді мекендердегі мотоцикл жүргізушілердің қауіпсіздік ере-жесін сақтау жағы назардан тыс қалып келеді. Өйткені, алты ай-да аталған көлікпен бес жол оқи-ғасы орын алса, бір адам мерт болып, төрт адам жаранат алған.

Биылғы сегіз айда облыс бойынша жол-көлік оқиғалары 265-тен 233-ке кемігенімен, ке-ріссінше Қызылорда қаласында 108-ден 120-ға, Қазалы мен Жа-лағаш аудандарында тиісінше

тен қысқартылып, кінәлі тұлға-лардың жауаптылықтан боса-тылғаны туралы жауап берілген. Алайда тексеріс кезінде аталған қырық бір тұлғаның 2012 жы-лы 12 қарашада ҚР бас про-курорының бұйрығымен құ-рылған “Әкімшілік құқық бұ-зушылықтар және оларды жа-саған тұлғалар туралы орталық-тандырылған деректер банкіде” наразылық көрсетілген әкім-шілік істер бойынша жауап-тылыққа тартылғаны ретінде есепте тұрғаны, яғни, оған тиісті мәліметтер енгізілмегені анық-талған.

Бұдан басқа ішкі істер де-партаменті әкімшілік полиция басқармасынан тіркеу-емтихан бөлімшесінде жүргізуші куәлігі-нің заңсыз берілу фактісі ұшы-расқан. Нақтылар болсақ, құқық бұзушы О.А.Сырдария ауданы-ның сотының бастығы онының қантарағы қауласымен кінә-лі деп танылып, төрт жыл мер-зімге көлік құралын басқару құқығынан айырылған екен. Алайда аты-жөнін Балтабайұлы Ақан деп өзгерткен ол сол жылы 27 тамызда жеке куәлік алып, 12 қаңтада аталған бөлімшеге жүргізуші куәлігін алу үшін қа-жетті құжаттар тапсырған. Ақы-рында оған 12 желтоқсанда жүр-гізуші куәлігі берілген. Бірақ ол тапсырған құжаттар, оның ішін-де «Светофор» жүргізушілер даярлау мектебінің 5 сәуірде берген куәлігі А.Балтабайұлы жеке куәлік алғанға дейін беріл-гені анықталған.

Үйлестіру кенесінің кезекті отырысына қорытындылай ке-ле, облыс прокурорының орын-басары Руслан Райханов құ-қық бұзушылықты жария ете отырып, осал тұстарды анықтау және оларды алдағы уақытта болдырмау мақсатында атқа-рылуға тиісті шараларды нақ-тылады.

Бактыбай БЕРДІБАЕВ.

Қайыр ҚОРАСАНИ.

Жарамсыз деп есептелсін

Абилкасімова Татти Арипхановнаның атына Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Жүсіп Қыдыров көшесі, 33 үйге берілген Қызылорда қаласы әкімінің қаулысы (№2005 11.03.2008ж.) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің Қызылорда облысының балалардың құқықтарын қорғау департаменті» мемлекеттік мекемесінің Ережесі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін (БСН 071040000536, тіркеу №7139-1933-ММ).

Абдраимов Мақпал Алмахановнаның аты-на 07.12.1996 жылы берілген №001734179 же-ке куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Қызылорда облыстық балалар ауруханасы-ның ұжымы осы мекеменің дәрігері Шуақбаев Талғат Көшербайұлына ағасы Шуақбаев Серік Көшербайұлының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақ-тасып, көңіл айтады.

● ӘЙЕЛ – СӘНІҢ, БАЛА – БАҒЫҢ

ӨМІРДІҢ БІР ҒАЖАБЫ

Жаратушы Алла әйел пешенесіне соншама бейнетті үйіп бергенімен соның қайтарымындай, оны мейірім шуағына шомылдырып, өміреніп бала сүю, ана болу бақытын маңдайына жазыпты. Әр ана өз қанынан, жанынан жаралған кіп-кішкентай тіршілік иесін бауырына басып, оның ғажап иісін емірене иіскесе, бүлдіршінің бал қылығын тамашаласа өзінің барлық өкпе-ренішін, шаршағанын ұмытып, ғажайып бір күй кешері анық.



Тас омырауын жібітіп, алпыс екі тамырын иткен баласының үілдегені, ойнағаны, күлгені, тәй-төй басқаны, тілі шыққаны, мектепке барғаны – бәрі-бәрі де ана үшін қайталанбас бір бақыт.

Атам қазақ “Жүкті әйелдің бір аяғы жерде, бір аяғы көрде” деп тегін айтпаса керек. Өмірге дені сау, қол-аяғы бүтін бала әкелу, әрине, оңай емес. Сондықтан да болашақ анаға жасалған әрбір қамқорлық оның күрсағындағы баланың өсіп-жетілуіне әсер етері даусыз. Әрине, қазақ отбасындағы аяғы ауыр әйелдің барлығы дерлік, ата-енесінің, күйеуі

мен жақындарының айрықша ықыласына бөленеді деп айту қиынырақ. Дегенмен, болашақ ананың аңсары ауған тағамын тойып жеуіне, құнарлы азық-түлікпен тамақтануына мүмкіндік жасалғаны абзал. Жүктіліктің тоғыз ай мерзімінде кей әйелдің ашушан, беймаза болып кетуі, істеген ісінің оябын таба алмауы, үйкішпыл болуы да әбден мүмкін. Осы орайда оған күйеуі мен ет жақындарының қолдауы, көңіл аударуы әбден қажет. Өзінің қолдаушысы, жақтаушысы барын сезінген әйел өмірге құлшынады. Әрине, өмір болған соң шалыс басушылардың, алданып қалушылардың кездесері анық. Оң жақта отырып, балалы болып, ағайын-туысқа жеккөрінішті, ата-анасына масыл болып

жүргендер де баршылық. Алайда, некесіз бала туып, кемсітушілік пен қиындық көрсе де оның болашағы үшін жанын салып жүрген аналардың бары тағы рас. Туған баласын қокыс жәшігіне, әлдекімнің босағасына тастап кеткендердің қасында бұлардың іс-әрекеті ерлікке паранар демеске лаж жоқ.

Бүгінгі ана мен бала, бірі – отбасының ұйытқысы, екіншісі – өмір гүлі саналғанмен де олардың кейбірінің көрген күні адам аяғандай. «Ақанды» атасынан қалған асындай көретін кей отағасы бар ашу-ызасын үйдегі әйелі мен баласынан алады. Жұмыс істеп, нәпаха тауып, отбасын асырап жатса ол да көшірмді болар еді. Алайда, көпшілігінің әйелін ішімдікке

Жұмағұл ОРАЛБАЕВА.

Есентемір баба кесене саябағы



ТАҒЫМ

Сенбінің шуақты күнінде Сырдария ауданы Шаған ауылында Есентемір бабаға арналған кесене ашылды. Кіші архитектуралық форма кешені болып бой көтерген ескерткіш маңайынан көк майсалы демалыс саябағы да орын тепті.

Балаларымыз ата-текті бөлмек үшін емес білмек үшін сұраған. Аргы тарихты қазбаламай-ақ, бергі кезеңді зерттеуші кез келген ғалым, тарихшы руларға, ру аралық қатынастарға соқпай өтпейді. Өйткені, ол – өткеніміз, ата-тегіміздің анықтаушысы.

Салтанатты рәсімге Сырдария ауданы әкімі орынбасары Б.Лекерев, “Байтақ” ҚҚ президенті Н.Мақашов және еліміздің түкпір-түкпірінен баба ұрпақтары мен ауыл тұрғындары қатысты.

Қазақтың ұлан-ғайыр даласында отауызды, орақ тілді шешендер, сөз маржанын терген ақын-жазушылар, қол бастаған батырлар мен ел қостаған билер болған. Сондай тарихи тұлғалар қатарындағы Есентемір руынан шыққан Бөкен би, Көктаубай, Мыңбай батырлар, Есбай күйші, Досжан ақынның есімдері де ел жадында. Осыдан екі жыл бұрын Есентемір Бөкен биге арнап қасиетті Атырау жерінде үлкен ас беріліп, ескерткіш кесене орнатылған еді.

Кесене қараша үй формасында жасалған. Қасбетіне Қыдырқожа баба, Есентемір баба, Бөкен бидің есімдері қашалып, бейнелері бедерленген. Айналдыра “Он екі ата Байұлы” балаларының рулары мен ұрандары жазылып,



таңбалары белгіленген.

Ескерткіш кешенді ашуға ұйытқы болған Қ.Пірімжанов: “Өскеген ұрпаққа үлгі болсын деген ниетпен ашылған “Он екі ата Байұлы” ұрпақтарына арналған белгі – баршамызға ортақ мұра. Бүгінгі ұрпақтың үнін болашаққа жалғайтын бұл ескерткіштің жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу ісінде алатын орны ерекше деп білеміз. Ұлы бабаларын ұлықтай білетін ұрпақтары бар елдің даңқы да арта берері даусыз” – дейді.

Балаларға құрмет көрсету, тағзым ету, рухын ұлықтау арқылы елдің бірлігі артып, азаматтарының рухани биіктігі асқақтай берері сөзсіз. Жыңда баба рухына құран бағышталып, ас берілді.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.

● ЖАНЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ

«Заман өзгергенмен, өзгермейтін бір ұғым бар. Ол ілім мен ғылым, ұстаздық қызмет және ұстаз мәртебесі» дейді халық даналығы. Сол айтқандай біздің кейіпкеріміз де мектеп қабырғасында жүргенде-ақ болашақта ұлағатты ұстаз болуды өзінің алдына мақсат етіп қойды. Осы ұлы жолға өзін тәрбиеледі десек те, артық емес. Сол кездің ағымы бойынша орыс тілі пәнінің маманы болуды жүрегі қалады. Сөйтіп Тереңөзектің тұмасы Зоя Алданқысы кент орталығындағы №36 орыс орта мектебін бітірісімен ұстаздарының қолқалауымен білім ұясында қалып, шөкірттерге орыс тілі пәнінен сабақ берді.



азамат сөзге шешен, іске мығым би өнерін жетік менгерумен өңірімізге танылды.

Зоя Алданқысы болса, өзі он жыл білім алған сүйікті мектебінде зейнеткерлікке шыққанша 30 жыл ұлағатты ұстаз болды. Білімді, биязы мінезді тәрбиелі Зоя апамыздың алдын шөкірттерінің ешқайсысы кесіп өткен емес. Ол кісіні осы уақытқа дейін барша оқушылары құрметтейді.

Біз Сергей Әбдірахманұлының отбасымен көп жыл көрші тұрдық. Іні-қарындастарым ол кісінің ұл-қыздарымен бірге ойнап, бірге өсті. Отбасында Сәкен көпшіл, ер мінезді азамат болса, Зоя Алданқысының табиғаты сол кісіге жакын көпке қайырымды, тәрбиелі, мәдениетті жан. Ешкімге артық сөзі жоқ, мейібан, нағыз ұстаз апайды өзімізге өнеге тұтамыз. Өмірдегі жақсы шақтарымыз мол болса, бұл апайдың бізге тигізген көршілік шапағаты деп

білеміз. Бұл дүниеде жақсы адамдар туралы қалам тербеудің өзі де ғанибет. Зоя Алданқысы отызжылдық ұстаздық енебегінде мыңдаған шөкірттерді баулып, қияға ұшырды. Олардың барлығы да ұстаздың жанына жакын қымбат жандар. Көптеген шөкірттері бүгінгі күнге дейін үзбей хабарласып тұрады.

Өмір қанша дегенмен өз дегенін істейді. Апай соңғы жылдары инсульт алып, сырқаттанып жүр. Мұндай қиын кезде Сәкен өмірлік серігінің сырқатты жеңуіне сүйеніш болып, үйде де, оналту орталығында да кешенді ем алуына барлық жағдайды жасап келеді. Сонымен қатар, бүгінгі күні 75 деген мерейлі жасқа келіп отырған апайға жасыңызға жас қосылсын, сырқатыңыздан тезірек айығуыңызға тілектеспіз деген ізгі ниетімізді білдіреміз.

Ш.БАЛТАБАЙҰЛЫ

● ШАРА

ҚАРУ ТАПСЫРСАҢ, ҚАРЖЫ БЕРЕДІ

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін тұрғындарда заңсыз сақтаудағы атыс қаруы, оқ-дәрілер мен жарылғыш заттарды сатып алу акциясы өткізілуде.

Республикалық шараның мақсаты – заңсыз сақталған қару-жарақтар мен оқ-дәрілерді өтеміл түрде қабылдау.

Облыстық ішкі істер департаменті баспасөз қызметінен хабарланғанындай, қазіргі таңда Қызылорда қалалық ішкі істер басқармасы мен аудандық ішкі істер бөлімдерінде тапсырылған атыс қаруы, жарылғыш заттар, оқ-дәрінің техникалық жай-күйі мен оларды тапсырғаны үшін сыйақы белгілеу жөніндегі арнайы комиссия жұмыс жасауда.

Аталған заттарды өз еркімен тапсырған азаматтар қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікке тартылмайды. Сондай-ақ қарулардың жай-күйіне байланысты 10-нан 100-ге дейінгі айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінде сыйақы тағайындалады.

Облыс тұрғындары заңсыз сақтаудағы қаруларды, оқ-



дәрілерді, жарылғыш заттарды ішкі істер бөлімдеріне өткізіп, қарумен жасалатын қылмыстардың және тотенше оқиғалардың алдын алуда өз үлестерін қосады деген сенімдеміз.

Бақтыбай СМАЙЫЛҰЛЫ.

● ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

БІР ШАҢЫРАҚТАҒЫ ҮШ МҮГЕДЕК

материалдық көмек пен адами мейірімге зәру

Облыстық “Сыр бойы” газетінің үсіміздегі жылғы 16 тамыздағы санында жарияланған “Оқырман хаттары” топтамасында Қызылорда қаласы А.Төлебаев көшесі №235-ші үй тұрғыны, 1-ші топ мүгедегі Тұрсын Дәуітованың “Мұнымды кімге шағамын?” атты мақаласы жарияланған болатын. Онда хат иесі әбден тозығы жеткен, еш жағдайы жоқ үйде бір емес үш бірдей мүгедек жанның өмір сүріп жатқанын, тұрғын үй кезегінің жылжымайтынын, барлық ауырталықтың кәмететке жете қоймаған немерелерінің мойнына түскенін қияжыла айтқан болатын-ды. Осы хатқа орай газет редакциясына қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мемлекеттік мекемесінің басшысы Серік Дүйсебаевтан жауап хат келді.

Хатта Т.Дәуітованың ай сайын зейнетақысын уақытлы алып тұратынын, оған тыл ардагері ретінде Ұлы Жеңістің 68 жылдығына орай өткен жылы 49720 теңге әлеуметтік көмек көрсетілгені және өзінің гигиеналық памперспен, бадалақпен қамтамасыз етілгені, ал баласы 2-ші топ мүгедегі А.Дәуітовтің өткен жылдың 9 қазанынан бастап психикалық-жүйке аурулары интеряты жанындағы күндізгі стационарда ем алғаны жайында айтылған. Сонымен қатар А.Дәуітовтің 2005 жылғы 26 қазандағы арызы бойынша халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз тобына (II топ мүгедегі ретінде) тұрғын үй алу кезегіне тіркелгенін, қазіргі таңдағы кезегінің реті – 150-ші екендігін айтқан. Мекеме басшысы ҚР-ның “Тұрғын үй қатынастары туралы” Заңы 74-бабының I-бөлігіне сәйкес мұқтаждар есебіндегі азаматтардың құқығы тең саналатынын, Ұлы Отан соғысы мүгедектері мен қатысушыларының және жетім балалар мен ата-анасынң қамқорлығынсыз қалған балаларды қоспағанда ешкімге басымдық құқығы берілмейтінін астың сызға көрсеткен.

РЕДАКЦИЯДАН: Жауап мазмұны осындай. Бір жағынан қарағанда, мүгедек жандарға қамқорлық жасалған секілді. Мәселенің байыбына ой жібере қарасаңыз, бұдан бір жарым жыл бұрын, онда да Үкімет тарапынан берілген 49 мың теңге қай тесікке жамаяу болғандай. Сондай-ақ зейнетақының уақыттығы төленуі мен мүгедек жанае дәрігерлік көмектің көрсетілуі де қалыпты жағдай. Ал мақалада көрсетілген үйішіш мүгедек, А.Дәуітовтің әйелі төңірегінде еш дерек жоқ. Шамасы, мекеме басшысы ол жайында әңгіме қозғауды жөн көрмеген секілді.

Оқырманының мұңы мен мұқтажын газет бетінде жариялағандағы мақсат – бір отбасындағы мүгедек арбасына, төсекке танылған үш бірдей жанның өмірі мен тыныс-тіршілігіне өзгеріс еңсе деген тілек. Бір кәсіпкер болмаса бір мекеме басшысы өмір теперішін көріп жатқан бір үйлі жанға көмек қолын созса, олардың рухын көтеруге атсалысса, кәмететтік жасқа жетпей әжесінің, әкесі мен шешесінің бейнетін тартып жүрген жасөспірімдер жүзіне күлкі ұялатса, несі мін?! Ал сала қызметкерлері осындай ісі істерге мұрындық болып, өмір жақсылықтарынан қуер үзуге айналған жандардың үміт отын өшірмеуіне атсалысқаны абзал. Әрине, олардың өз жұмыстары да бастарынан асады және кез келген мүгедектің жағдайын жасауға міндетті емес. Алайда, бір шаңырақтағы көңілі жарым үш мүгедек пен назары пәс жасөспірімдерге қарайласуға болады ғой. Ойланайықшы.

Ж.ОРАЛБАЕВА.

ОТАН ҚОРҒАУ – ӘРБЫР ЖАСТЫҢ БОРЫШЫ

Облыстық ішкі саясат басқармасы мен “Болашақ жастары” жастар қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен “дөңгелек үстел” болып өтті.

Шараға әскер қатарына шақырылған жас сарбаздар, қоғамдық бірлестік жетекшілері, әскери қызметкерлер, ардагерлер кенесінің мүшелері мен ата-аналар, жоғары және арнаулы оқу орындарының студенттері қатысты.

«Дөңгелек үстел» барысында облыстық Ауған және жергілікті соғыс ардагерлері одағының төрағасы Қ.Баймаханов қазір жастардың әскер қатарына баруы сиреп бара жатқандығын айта келе, оның себеп пен салдарына тоқталды. Ал, облыстық қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығының орынбасары Е.Мұратбайұлы өңірімізде әскери борышын өтеп жүрген жас сарбаздарға мемлекет тарапынан жасалып жатқан қамқорлық көп екенін жеткізді. Олар жатын орындары, тамағы мен басқа да керекті жабдықтармен толығымен қамтамасыз етіліпті. Әскер қатарына шақырылған сарбаздарға қойылар қатаң талаптар мен әскердегі тәртіп, ондағы жас сарбаздарды барлық қырынан шыңдауға байланысты жұмыс жасайтындықтарын да назардан тыс қалдырмады.

С.АДАЙБАЕВА.

«Қайсар» «Ақтөбемен» тең ойнады

Қызылорданың «Қайсары» кезекті турда сырт алаңда «Ақтөбе» командасымен кездесті. Бұл ойыннан жерлестеріміз бір ұпай олжалап қайтты. Осылайша біріншілікте үздік үштіктен көрінуге мүмкіндігін одан әрі нығайта түсті.

Шындығын айтпайық, «Ақтөбе» соңғы жылдарда қарсылас шақ келтірмей, барлығынан басым түсіп жүрген команда. Алайда, биыл сол қарқынды қимылы сәл болса да бәсеңсіп қалғандай. «Қайсар» Ақтөбеде кейінгі 11 жылдың ішінде бірде-бір ұпай ала алмаған. Бұл жолы біздің командамыз алаң иелеріне тегеурінді қарсылық көрсетті. Тіпті, олардың қақпасына доп соғатын бірнеше мүмкіндігі де болды. Мәселен, «Қайсардың» жас шабуылшысы Елжас Алтынбеков пен тағы бір ойыншысы Владислав Нехтий гол соғатын сәттерді құр жіберіп алды. «Ақтөбе» футболшыларының да бірнеше мүмкіндігі болды. Нәтижесінде аталмыш кездесу 0:0 есебімен тең аяқталды.

«Қайсар» енді кезекті кездесуін өз алаңында өткізеді. Ол 28 қыркүйекте өз алаңында «Астана» командасын қабылдайды.

Әділ ТАЛПАП.

Меншік иесі:

Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

☎ қабылдау бөлмесі
тел/факс 70-00-36

БАС РЕДАКТОР

Жұматәли ӘБДІРАМАН

☎ қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43

Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:

руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнамa - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:

Арал, Қазалы:
Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07

Шиелі, Жаңақорған:
Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboy@mail.ru
site: www.syrboyi.kz

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.

Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Ақпаратқа қаламыз тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жарияландыр газеттің түрлілікті көзқарасын білдірмейді. “АҚ”-ағылы қызмет.

Газет редакциясының компьютер орталығында қаттылып, “Сыр медиа” ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж

Газеттің таралымына “Қазпошта” - 23-54-51, “Евразия-Пресс” - 27-62-84 жауапты.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж

Таралымы 24384

Тапсырыс № 876

Электронды оқылым 21000.